

Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы үлгі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 шілде N 925. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 141 қаулысымен. ~P980141

Жергілікті бюджет қаржылары есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы қоса беріліп отырған үлгі ереже бекітілсін.

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы үлгі ережеге сәйкес 1996 жылғы 1 тамыздан бастап аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібін әзірлеп, жүзеге асыруға ұсыным тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
"24" шілдедегі N 925
қаулысымен
бекітілген

Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінен тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру тәртібі туралы
Ү Л Г І Е Р Е Ж Е

Осы үлгі ереже жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды жүргізудің тәртіптері мен шарттарын белгілейді.

І . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Мемлекеттік аймақтық сатып алулар -өнім берушілерден контракт негізінде мемлекеттік тапсырыс берушілер атынан тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жергілікті басқару органының тұтыну нысаны болып т а б ы л а д ы .

2. Мемлекеттік сатып алулар келісілген мерзімде талап ететін сапада ең төменгі баға бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алуға мүмкіндік беретін конкурстық негізде жүзеге асырылады және: аймақтық және аймақаралық бағдарламаларды жүзеге асыруға; жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беруді, денсаулық сақтауды , әлеуметтік қамсыздандыруды, мәдениетті, жерге орналастыруды және аймақтың басқа қызмет салаларын, мемлекеттік өкімет органының қызметін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

жергілікті бюджеттен қаржыландыратын аймақтық маңызы бар коммуникацияларды ұстауға және дамытуға; республикалық бюджеттен қаржыландыратын шаралардан басқа, табиғи апаттардың және төтенше жағдайлардың зардаптарын жою резервтерін құруға ж ә н е д а м ы т у ғ а ;

3. Жергілікті бюджет қаржылары есебінен қаржыландырылатын облыстық, аудандық және өзге ұйымдар мемлекеттік тапсырыс берушілер болып табылады.

Олардың өнімдерді (тауарларды) сатып алу жөніндегі өздерінің өкілеттігін тапсырыс берушілерге беруге құқы бар, оны құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ Қазақстанның жеке заңдық тұлғалары атқара алады.

4. Мемлекеттік сатып алулар бойынша берілетін өнімдер (тауарлар) мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға, мемлекеттік тапсырыс берушілер қоятын басқа да талаптар мен айрықша шарттарға сәйкес келуге тиіс.

5. Өнім берушілер мемлекеттік сатып алулар бойынша контрактілерді

орындау үшін оларға қажетті материалдық-техникалық ресурстарды өз бетінше с а т ы п а л а д ы .

2. Мемлекеттік сатып алуларды қалыптастыру

6. Мемлекеттік тапсырыс берушілер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алудың құрылымы мен көлемдерін алдын ала қалыптастыруды жүзеге асырады және облыстық қаржы басқармасы белгілеген нысан бойынша осы мақсаттарға арналған бюджеттік тапсырыс жобаларын белгіленген мерзімде облыстық (қалалық) қаржы басқармасына және облыстық (қалалық) экономика басқармасына ұсынады.

7. Облыстық (қалалық) экономика басқармасы және облыстық (қалалық) қаржы басқармасы мемлекеттік тапсырыс берушілер берген бюджеттік тапсырыстар негізінде және аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамудың болжамдары мен жергілікті бюджет тұрғысынан келіп, тиісті бағыттар бойынша көрсетілген тапсырыстарды бюджеттік сомалар жобасымен үйлесімді болуын жүзеге асырады.

8. Жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін мемлекеттік тапсырыс берушілер бөлінген қаржы қаражаттарына сәйкес мемлекеттік сатып алулардың құрылымы мен көлемдерін түпкілікті қалыптастыруды жүзеге асырады.

9. Облыстық (қалалық) экономика басқармасы және облыстық (қалалық) қаржы басқармасы мемлекеттік сатып алулардың көлемі мен құрылымын толық құрғаннан кейін, олар бойынша бірыңғай көтерме сатуларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік тапсырыс берушілердің көптеген саны сатып алатын жалпы мақсаттағы өнімнің тізбесін анықтайды.

3. Мемлекеттік сатып алуларды орналастыру тәртібі

10. Аймақтық сұранымды қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет қаржы есебінен жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алулар, әдетте, бәсекелестік рәсімдерді қолдана отырып жүзеге асырылады.

Жалпы мақсаттағы өнімдер бойынша, оның тізбесін облыстық (қалалық) экономика басқармасы мен қаржы басқармасы бекітеді, мемлекеттік сатып алулар облыстық (қалалық) конкурстық комиссияның ұйымдастыруымен, облыстың (қаланың) әкімі бекітетін бәсекелестік рәсімдерді қолдана отырып жүзеге асырылады.

Облыстық (қалалық) конкурстық комиссия мемлекеттік сатып алулар өткізуге ниеттенетіні туралы хабарлайды, тапсырыстың талабы мен шартын қалыптастырады, олар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен

және ұсыныстарды конкурстық мүмкін болатын қатысушыларына жіберу арқылы өнім берушілерге хабарланады.

11. Конкурстар ашық өткізілуге тиіс және оған кем дегенде үш қатысушы қатысқан болса, өткізілген болып саналады. Ашық және салауатты бәсекені қалыптастырудың негізгі тетігі конкурстық барысын және сатып алуларды кеңінен құлақдар етуді тұрақты жариялап отыру болып табылады.

12. Конкурсқа қатысу үшін, өнім берушілер облыстық (қалалық) экономика басқармасына конкурстың шарттары бойынша талап етілетін ақпарат тіркелген оферта тапсырады. Комиссия оферталарды тапсыру мерзімі өтісімен конкурсқа қатысушылардың ақырғы құрамын анықтайды және оларды конкурсқа қатысушыларды тарта отырып қарайды.

13. Өздерінің өнімдеріне арналған бағалар соңғылар ұсынатыннан 20-проценттен аспаған жағдайда, шетелдік талапшыларға қарағанда республикалық өнім берушілерге өзге де тең жағдайлармен бірге тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуге басым мүмкіндіктер беріледі.

14. Облыстық (қалалық) конкурстық комиссия, конкурстың өлшемдерінен келіп, жеңіскерді анықтайды, ал мемлекеттік тапсырыс беруші онымен контракт ж а с а й д ы .

15. Конкурстық комиссияның жұмысшы органы нақты сатып алу мәселесінде білікті кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қатарынан тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларға әрбір конкурсты өткізу үшін, облыстық конкурс комиссиясының ұсынысы бойынша, облыс (қала) әкімінің шешімімен бекітіледі. Жұмысшы органының қызмет ету аясына конкурсты ұйымдастыру және жобаның техникалық жағын қамтамасыз ету к і р е д і .

16. Контрактінің орындалуына бақылауды қажетті ақпарат алу, өнім сапасын және оны беру мерзімдерін тексеру жолымен мемлекеттік тапсырыс беруші жү з е г е а с ы р а д ы .

17. Контрактының тоқтатылуы контрактының шарттарына сәйкес мемлекеттік тапсырыс берушінің немесе өнім берушінің бастамасымен жү р г і з і л у і м ү м к і н .

18. Мемлекеттік тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындалған дауларды шешу қолданыстағы заңдармен реттеледі.

19. Жалпы мақсаттағы өнімдер тізбесіне енгізілмеген тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуларды 10-18-тармақтарға сәйкес бәсекелестік рәсімдерді қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік тапсырыс берушілер өз бетінше жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік сатып алулар көлемінің ең төменгі деңгейі, бұл жағдайда бәсекелестік рәсімдерін өткізу міндетті болса, онда тиісті осы кезеңге облыстық (

қалалық) бюджетті бекіту арқылы айқындалады.

4. Мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыру

21. Мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыруды бюджеттік қаржыларды мақсатты пайдалану жөніндегі қаржы жоспарына сәйкес мемлекеттік тапсырыс беруші жүзеге асырады.

22. Мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыру көздеріне осы міндеттерді жүзеге асыру үшін жұмылдырылатын бюджеттен тыс қорлардың қаржылары жатады.

23. Тапсырыстарды мемлекеттік қаржыландыру мен төлеуді мемлекеттік сатып алулар жөніндегі контракттарда көрсетілген мерзімдегі тапсырыстар негізінде мемлекеттік тапсырыс берушілер облыстық (қалалық) қаржы басқармасына ресурстарын бөлу арқылы қарастырылады.

24. Контрактыны орындау шарттарына байланысты өнімдерге, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдеріне төлеу, кезең-кезеңмен немесе аванстық төлем түрінде жүргізілуі мүмкін.

25. Мемлекеттік сатып алулар ең төменгі конкурстық бағадан аспайтын контракттылық баға бойынша жүзеге асырылады.

26. Мемлекеттік сатып алуларға арналған жергілікті бюджетте көзделген қаржы ресурстарын облыстық (қалалық) қаржы басқармасы жасалған контракттарға сәйкес толық көлемде қамтамасыз етеді.